

«Бекітілді»
ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу
орталығы» РМҚК директоры
Р. Емелбаев
« » 2023 ж.



Орта білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау кезінде білім алушыларды кешенді тестілеуге арналған «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша тест спецификациясы

Тест мақсаты: «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша 9-сынып оқушыларының негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкес оқыту нәтижелерін бағалау.

Тест міндеті: орта білім беру ұйымдарын бағалау кезінде оқушылардың білімдерін, іскерліктері мен дағды деңгейлерін анықтау.

Тест мазмұны

Тест мазмұны «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес.

№	Бөлім	№	Тақырып
01	Ежелгі дәуір әдебиеті	01	Қорқыт «Байбөрі баласы Бамсы-Байрақ туралы жыр»; Қорқыттың нақыл сөздері; Ахмет Йассауи «Даналық кітабы»; Ж. Баласағұн «Құтты білік»
02	Шешендік өнер	02	Майқы би мен Мөңке бидің шешендік сөздері; Әнет баба «Не арсыз? Не ғайып? Не даусыз?»; Төле би «Ердің бақыты – әйел»; Әйтеке би «Қасқакөл дауы»; Қазыбек би «Кім жақын? Не қымбат? Не қиын?»; «Біржан-Сара» айтысы
03	Жыраулар поэзиясы	03	Шалқиіз жырау «Би Темірге бірінші толғауы»; Ақтамберді жырау «Күлдір-күлдір кісінетіп» «Балаларыма өсиет»; Бұқар жырау «Тілек», «Әй, Абылай, Абылай»
04	XIX ғасыр әдебиеті	04	Нысанбай жырау «Кенесары – Наурызбай»; Мұрат Мөңкеұлы «Үш қиян», «Сарыарқа»; Махамбет Өтемісұлы «Махамбеттің Баймағамбетке айтқаны», «Мен, мен, мен едім»; Ш. Уәлиханов «Ыстықкөл күнделігі»
05	XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиеті	05	Ш.Құдайбердіұлы «Еңлік- Кебек» поэмасы, «Жастарға» өлеңі; І.Жансүгіров «Құлагер» поэмасы; Б.Майлин «Шұғаның белгісі» хикаяты; М.Дулатов «Бақытсыз Жамал» романы;
06	XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеті	06	Ғ.Мүсірепов «Ұлпан» романы; Т.Айбергенов «Сағыныш»; Б.Момышұлы «Ұшқан ұя» әңгімесі; М.Мақатаев «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы; Т.Ахтанов «Күй аңызы» әңгімесі; Ф.Оңғарсынова «Өлең, мен сені аялап өтем»; Д.Исабеков «Әпке» драмасы

07	Бүгінгі күнгі әдебиет	07	Ж.Сахиев «Айдағы жасырынбақ»; «Дабыл» фантастикалық әңгімелері; Р.Мұқанова «Мәңгілік бала бейне»
08	Шығарма үзіндісімен жұмыс	08	Шығарма үзіндісімен жұмыс

Тапсырма мазмұнының сипаттамасы

Шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілер, эпилог, прологтар, әдеби шығарманың идеясы, көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулер, әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау, әдеби шығармадағы психологизм.

Композицияны тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдау, автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісі, шығармадағы көркемдегіш құралдары: психологиялық параллелизм, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис қолданысы, автор стилі.

Шығарманың тақырыбы мен идеясы, тарихи және көркемдік құндылығы, шығармадағы материалдық және рухани құндылықтар, жаңашылдық, шығарманың көркемдік-идеялық құндылығы, гуманистік тұрғысы.

Тест тапсырмаларының формалары

Жабық формадағы бір дұрыс жауапты

Тест тапсырмаларының саны

Тесттің бір нұсқасындағы тапсырмалар саны – 20: бір дұрыс жауапты 15 тест тапсырмасы, мәтін негізінде бір дұрыс жауапты 5 тест тапсырмасы.

Тест 3 қиындық деңгейінде берілген тапсырмалардан тұрады: базалық деңгейде – 50%, орташа деңгейде – 30%, жоғары деңгейде – 20%.

Тест тапсырмаларын орындау уақыты

Тест тапсырмасының орындалу уақыты – 1,5-2 минут.

Жеке тест тапсырмаларының және барлық тесттің орындалуын бағалау

Дұрыс орындаған бір дұрыс жауапты тест тапсырмасы үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаса – 0 балл. Барлығы – 15 балл.

Мәтін негізінде дұрыс орындалған бір дұрыс жауапты тест тапсырмасы үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаса – 0 балл. Барлығы – 5 балл. Максималды балл – 20.